

**Н. Т. Нұрымов, 2-курс  
Ғылыми жетекшісі: А. Ә. Үмбетова, философия және әлеуметтік-  
экономикалық пәндер кафедрасының оқытушысы  
(ҚР ІІМ Ақтөбе заң институты)**

## **ЕУРАЗИЯЛЫҚ ОДАҚ — ХХІ ҒАСЫР БАҒЫТЫ**

Біздің арғы ата-бабаларымыз Қиыр Шығыстан Батыс Еуропаға, Сібірден Үндістанға дейінгі аумақты алып жатқан мемлекеттердің дамуында екі мың жыл бойы елеулі рөл атқарып келді.

Орасан зор кең-байтақ аумақта қоныс аударумен жүрген көшпелілер Евразияның этностық және мемлекеттік бет-бейнесін бір емес, бірнеше рет өзгертті. Бір бөлігін Қазақстанның кең-байтақ даласы құрайтын Евразияның Хуанхэ өзенінен Карпат тауларына, Орта Азия мен Шығыс Түркістанның аймақтарына және Евразия Тундрасына дейінгі орасан зор далаға ұласқан шетсіз-шексіз алып аймақты игеру тек көшпелі малшылардың ғана қолынан келген. Көшпелілер әлемі әртүрлі сипатта болғанымен де оны біріктіретін нәрсе мәдениет пен шаруашылықты жүргізудің ортақ тұрпаттылығы еді.

«Шығыс пен Батысты жақсы білген көшпелілердің империялары қару-жарақ пен әскери, техниканың жаңа түрлерін тез меңгеріп отырды. Мысалы: Шыңғыс ханның армиясы Европа қалаларының қорғаныс қамалдарын бұзатын Қытай қаруларын қолдану арқылы тікелей шабуылмен басып алып отырған»<sup>1</sup>. Мемлекеттер арасындағы татулық пен бірліктің бейнесі біздерге сонау ежелгі дәуірде шығыс пен батыстың арасын мекендеген түркілер мәдениетінен жалғасқан десек артық етпейді. «Себебі түркілер өздеріне бейтаныс жаңа елдерге жеңімпаз немесе құрметті қонақ ретінде барса да, жалдамалы жауынгер немесе әскери тұтқын ретінде жүрсе де айнала төңірегіндегі көршілес халықтармен ортақ тіл табысып, түсінуге келгенде алдарына жан салмаған»<sup>2</sup>.

Жоғарыда аталған құндылықтар мен мәдениеттердің жалғасы іспетті Батыс пен Шығыс өркениеттерінің қақ ортасында, түрлі діндер мен мәдениеттердің, түркі діндер мен мәдениеттердің түйіскен нүктесінде орналасқан Қазақстан Республикасы осындай жалпы адамзаттық маңызы бар береке- бірліктің ұлы ісін дамытуда ерен үлес қосып отыр. Мұның бастамасы ретінде 1994 жылғы 24 наурыз күні Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың М. В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің студенттерімен және профессор-оқытушылармен кездесуінде тұңғыш рет Еуразиялық одақ құру жөніндегі идеясын атап етуге болады.

Елбасының бұл идеясы мойындауының бір куәсі ретінде, Вашингтонда өткен Ядролық қауіпсіздік жөніндегі жаһандық самитте Н. Назарбаевқа «Шығыс пен Батыс» тағайындаған «Бейбітшілік және сарабал дипломатиядағы көрегендік» сыйлығының тапсырылуын айтуға болады.

Бұл жайында белгілі философ Ә. Нысанбаев өз мақаласында былай деп келтіреді: «Еуразияшылдық дегеніміз — іштей топтастыру, бірлік... Егер Батыстың ұраны» ізгілік жасау немесе жақсылыққа жарамсыздылыққа, парасаттылыққа ұмтылу. Ұлы Абайдың сөзімен айтсақ: «Адам бол!» рухани-адамгершілік жағынан жетілген Шығыстың руханияты мен Батыстың азақ технологиясының білімін, ақыл-ойын бойына сіңіріп, екеуін ұштастырған адам бол. Еуразияшылдық — халықтардың бірлігі, ол — басты мұрат ретінде адам мәдениетінің екі жағының тұтастығы, Шығыс пен Батыс қуаттарының бірігуі».

Демек Еуразиялық одақ дегеніміз — біріңғай саяси, экономикалық, әскери, кезендік, гуманитарлық және мәдени кеңістігі бар мемлекеттердің конфедеративті одағы.

Жоғарыда аталғандардың ішіндегі ең маңызды бірінші орында тұрғаны Еуразиялық қауіпсіздік. Елбасы өз мақаласында «бүгінгі таңда тұрақты еуропалық қауіпсіздікті азиялық қауіпсіздікті өлшемсіз алып қарау принциптік тұрғыдан мүмкін емес», — деп айтқан. Өйткені қауіпсіздік- қазіргі таңда тек үлкен армиясы бар белгілі бір мемлекеттің әскери шапқыншылығын ғана емес, террористік шабуыл мүмкіндіктері мен этникалық және конфессиондық, әр түрліліктен туындайтын бүліншіліктерді де қамтиды.

Тәуелсіздігімізді ала салысымен Елбасымыз Н. Ә. Назарбаев ядролық қарусыз бейбіт әлем құруға әлем жұртшылығын шақырып, Қазақстан КСРО-дан мұраға қалған ядролық қаруынан тарихта бірінші болып өз еркімен бас тартты. Қазақстанның көп векторлы сыртқы саясатын ұстануы еліміздің бейбіт диалогқа ашық екенін көрсетті.

Жалпы «қауіпсіздік» сөзі бүгінгі күнде көптеген мәнге ие болуда. Соның ішінде мемлекеттер арасындағы шекара бір топтың адамдарының екінші топтан бөлуні тосқауыл болудан қалып барады. Оның үстіне қарапайым заңға бағынушы адамдар үшін барлығы оңайырақ бола түскенде, әрине қылмыскерлер үшін өмір одан да жеңіл болып көрінетіні бәрімізге мәлім. Бүгінгі таңдағы қылмыстың өсуі «халықаралық қылмыс» ұғымының одан әрі кеңеюіне әсер етуде. Бұл жағдайлар Батыс пен Шығыс елдері арасындағы белгілі бір шешімдер қабылдауға ықпал етуді. Биылғы жылғы ҚР Президентінің «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту — Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына жолдауында: «Еуропа мен

Азия кіндігіндегі елдер арасында БЭК ұйымдасқан трансұлттық қылмыспен күресті күшейту үшін Интерпол үлгісімен Еуразпол құру мәселесі пісіп-жетілді» деп атап айтты<sup>3</sup>.

Есірткі тасымалдаудың ғаламдық ауқымдағы проблемасы — есірткілердің заңсыз айналымына бақылау жасау жөнінде ЕурОдақ пен Орталық Азия мемлекеттері арасындағы өзара іс-қимылдың жоспары қолданысқа енгізілуі үстінде.

Еуразиялық идея мен әлемдік дағдарыстан шығудың көрсеткен Қазақстандық жолы арасында тығыз байланыс бар. Сондықтан еуразияшылдықтың, еуразиялық экономикалық интеграцияның болашағы өте зор.

XXI ғасыр — Еуразия кеңестігіндегі халықтардың көпшілігі мойындап, болашақта Еуразиялық идея үлкен материалдық күшке айналып, Еуразияда бүкіл дүние жүзінде өзара тусіністік пен рухани келісім салтанат құрған ғасыры болмақ.

---

<sup>1</sup> Назарбаев Н. Ә. Тарихи толқынында. — Алматы, 1999. — 80-86-бб.

<sup>2</sup> Гумилев Л. Н. Ежелгі түркілер. — М., 1993. — 149-б.

<sup>3</sup> Назарбаев Н. Ә. ЕҚЫҰ-ның тағдыры мен болашағы // Известия газеті. 2010. 29 қаңтар.